

Кеннет Дж. Сейсел, Қазақ менеджмент және экономиканы болжау институты Тілдер орталығының директоры, профессор:

ТІЛ – АДАМДАРДЫ БІРІКТІРЕТІН ЖӘНЕ БӨЛЕТІН ҚҰРАЛ

– Құрылғанына жиырма жылға жуықтап қалған ҚМЭБИ халық арасында, әсіресе, терең экономикалық білім алып, ағылшын тілін жетік меңгергісі келетін жастар арасында үлкен беделге ие. Солтүстік американдық оқу жүйесімен әлемдік экономиканың қыр-сырын оқытуға бағытталған институтта Тілдер орталығы жұмыс істейді екен. Әңгімеміздің әлқиссасын осы Орталықтан бастасақ. Орталықтың оқытушылар мен студенттер үшін қандай мән-маңызы бар?

– Тілдер орталығы – ҚМЭБИ-дің ең үлкен оқу бөлімдерінің бірі. Бұл орталықта Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алған және тілді оқыту саласы бойынша үлкен жетістіктерге жеткен оқытушылар құрамы жинақталған. Сонымен қатар бізде шетелдерден келген тәжірибелі және кәсіби білікті мамандар да бар.

Тілдер орталығы біздің студенттеріміздің білім алуында үлкен рөл атқарады. Себебі біз оларды нәтижелі табыстарға жетуі үшін кешендік курстармен қамтамасыз етеміз. Мәселен, студенттер өздерінің тілді меңгеруіне қарай бастауыш деңгейден жоғары деңгейге дейінгі арнайы ағылшын тілі курстарына барады.

ҚМЭБИ – ағылшынтілді орта. Студенттер ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерулері қажет. Бұл – тек грамматика мен сөздік қорын байытуға көңіл аудару деген сөз емес. Керісінше, біз тілді оқу мақсаттары үшін ғана үйретпейміз, сонымен қатар шет тілінде сыни және талдама тұрғыда ойлау қабілетін меңгеруді талап етеміз. Оқылым мен жазылым жоғары біліктілікті қажет етеді. Бұл біздің студенттеріміз үшін аз жетістік емес, сонымен бірге халықаралық стандарттарға сай келетін оқу жоспарының орындалуына қол жеткізетін жол.

Тілдер орталығында ағылшын тілімен қатар қазақ тілін оқытатын маңызды бөлім де бар. Біздің оқытушылар тек тіл курстарын ғана оқытып қоймай, студенттерге арналған шешендік өнер мен қазақ тілінің мәдениетіне арналған таңдау курстарын да жүргізеді. Біз қазақ тілі сабақтарын оқу бағдарламаларына ғана негіздемей, студенттің дүниетанымында қазақы болмысты қалыптастыруға бағыттаймыз.

Институттың жалпы білім беру бағдарламасына сай 8 түрлі тілді бастауыш деңгейден жоғары деңгейге дейін оқытамыз. Олар: корей, жапон, қытай, неміс, түрік, француз, испан және орыс тілдері.

Тілдер орталығы студенттерді гуманитарлық пәндерден хабардар ету мақсатында оларға қазақ тілінде «Театр», «Өнер тарихы», «Шешендік өнер», «Сыни ойлау», «Әдебиет», «Кино және музыка өнері» сияқты бірнеше курстар ұсынуда.

– Сіздің Қазақстанда қызмет істеп жатқаныңызға біршама уақыт болыпты. Тіл маманы ретінде біздің еліміздегі бүгінгі тілдік ахуал жайында, әсіресе, мемлекеттік тіл болып саналатын қазақ тілінің мәртебесі туралы ойыңызды білгіміз келеді?

– Тіл мәселесімен айналысатын адамға Қазақстандағы қалыптасқан тілдік ахуал қызықты зерттеу объектісі болып табылады. Бұл тұста біз жоғары бәсекелі әлемде өз елін жеке тұлға ретінде көрсетуге тырысып жатқан жас мемлекет туралы сөз қозғап отырмыз. Тіл мен тұлға өзара тығыз байланысты. Жаңа мемлекет құрудың бір бөлігі – осы мемлекеттің тіл мәселесінің мақсаттарын нақты анықтау болып табылады. Қазақтармен араласа жүріп, олармен сөйлескенде мен осы елдің азаматының бойынан қазақ тілі оның басты құндылығы екенін байқаймын. Қазақ тілінде мақтанышпен сөйлеп жатқан адамдарды көремін және ата-аналардың әңгімелерінен олардың бай сөздік қорын аңғарамын. Менің байқағаным: қазіргі кезде көптеген жастар өздерінің ата-бабалары секілді тілді жоғары деңгейде меңгеруге тырысып жатыр. Бірақ бұл тілдің грамматикасын меңгеруді ғана білдірмейді. Басқаша айтқанда, тілді оқыту жүйесінде грамматика өте маңызды емес. Мен бірнеше тіл білетін адамдардың қоғамдағы шығармашылық өмірге араласу мүмкіндіктері мол екенін байқап жүрмін.

Мемлекет тіл мәртебесі туралы заң шығара алады. Бірақ халық арасынан үлкен қолдау болмаса, бұндай заңның күші болмайды. Тіл – адамдарды біріктіретін және бөлетін құрал екенін есімізде сақтап жүруіміз қажет.

– Заң жүзінде мемлекеттік тіл болып саналғанымен, Қазақстанда қазақ тілінің толықтай мемлекеттік тіл мәртебесіне ие бола алмай, көп жағдайда екінші орында қалып қоятынының себебі неде деп ойлайсыз?

– Ең бастысы, сабыр сақтауларыңыз қажет. Өзгерістерді бірден енгізу мүмкін емес, өзге халықтардың да пікірлерін өзгерту үшін де біраз уақыт қажет. Адамдар жаңалық пен өзгерістерді өздері қажет еткен жағдайда немесе өзіне керек артықшылықтарды байқаған жағдайда қабылдайды. Егер де кез келген адам тілді жетік меңгергісі келсе, алдымен оның тілге деген үлкен құрметі болуы қажет екендігін ашып айтқым келеді. Мектеп оқушысы кезіндегі өз басымнан өткен жағдайды есіме түсіріп отырмын. Оңтүстік Африкада

Жаңа мемлекет құрудың бір бөлігі – осы мемлекеттің тіл мәселесінің мақсаттарын нақты анықтау болып табылады. Қазақтармен араласа жүріп, олармен сөйлескенде мен осы елдің азаматының бойынан қазақ тілі оның басты құндылығы екенін байқаймын. Қазақ тілінде мақтанышпен сөйлеп жатқан адамдарды көремін және ата-аналардың әңгімелерінен олардың бай сөздік қорын аңғарамын.

бізге екі ресми тілді үйренуді міндеттейтін, яғни ағылшын тілі – ана тілі ретінде, африкаанс тілі – екінші тіл ретінде. Бірақ біздің африкаанс тілін үйренуге қарсылық білдіргеніміз есімде. Бұл тілді біз қысым көрсетуші тіл ретінде қабылдағандықтан, қызығушылығымыз төмен болды. Осыған қарамастан, 8-сыныпта маған үшінші тілді таңдауға тура келді. Мен сол кезде француз тілін таңдадым, бұл тілді оқуға еш қарсылық білдірмедім. Тілді үйрену үшін, ең бастысы, уәждеме қажет екенін айтқым келеді. Қазақстанда да менің басымнан өткен осындай жағдай қалыптасып отыр. Сондықтан келешек ұрпақтарға аса көңіл бөлу, олардың қазақ тілін жетік меңгеруіне жаңа мүмкіндіктер туғызу қажет деп ойлаймын.

– Орыстілді қазақтарға, сондай-ақ қазақ тілін үйренгісі келетін, үйреніп жүрген басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін тез әрі жақсы да сапалы меңгертіп шығару жөнінде қандай ұсыныстар мен тілектер айтар едіңіз?

– Тілді оқытудың дәстүрлі әдісі тіл туралы мағлұмат алуға бағытталған. Сондықтан аудиторияда жұмыс жасағанда грамматикаға басты назар аударылады. Осыдан менің түйгенім – Қазақстандағы тілді оқыту ескі түсініктерге негізделген. Қатесіз сөйлеуге назар аударудан гөрі, жылдам сөйлеуге басымдылық беруге көңіл аудару керек. Мұғалімдер тілді үйренушілердің талабына сәйкес олардың емін-еркін сөйлесуіне мүмкіншілік бере отырып, ойлана отырып талдау жасауға, дұрыс сөйлегеннен бұрын тілді табиғи түрде үйренуге баса назар аударулары қажет. Мектептер мен ЖОО-да студенттер күнделікті мәтіндерді, журналдар мен газеттерді және әдебиетті көбірек оқулары қажет. Олардың күнделікті жазумен айналысқаны жөн болар еді. Егер де олар осы айтылған жұмыс түрлерімен көбірек айналысса, тілді меңгеру деңгейі жақсарған болар еді. Бұл қағида барлық тілдерге қатысты.

Осы уақытқа дейін қазақ тіліне басымдылық берілмегендіктен, мұғалімдер дәл қазір қоғамдағы тілдің маңызын көтеретін кәсіби даму бағдарламаларын ұсыну аса қажет. ҚМЭБИ-де өзгерістерге бейімделген, ынталы қазақ тілі оқытушыларының жинақталғанын мақтанышпен айта аламын. Олар әрқашанда ізденісте, сондықтан да кәсіби деңгейін үнемі көтеріп отырады. Біз үнемі қазақ тілі мұғалімдеріне арналған семинарлар өткізіп отырамыз және ол алдағы уақытта да жалғасын табады деп үміттенемін. Былтыр жыл аяғында 90 адам қатысқан бір күндік қазақ тілі мұғалімдеріне арналған конференция өткіздік. Осыдан соң қазақ және ағылшын тілі мұғалімдеріне арнап бұрын-соңды болмаған кең көлемдегі әдістемелік конференция өткіздік. Оған Алматы қаласы мен Қазақстанның басқа қалаларынан 150-ден астам әріптестеріміз қатысты. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Алматы қаласының әкімшілігінің қолдауымен Қазақстанның студенттерімен, мұғалімдерімен тығыз байланыс орнатамыз деп жоспарлап отырмыз.

– ҚМЭБИ-дегі оқыту жүйесінің Қазақстандағы басқа жоғары оқу орындарының оқыту жүйесінен ерекше екені көп айтылады. Осы ерекшелікке тоқталсаңыз. Сондай-ақ институттарыңыздың мемлекеттік тіл – қазақ тіліне қалай көңіл аударып, қандай көзқарас ұстанып отырғаны туралы да айтып берсеңіз?

– ҚМЭБИ-дің басым жағы – Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанда жаңа заманға сай жоғары оқу орнын құру туралы ойының нәтижесі болуында. 1992 жылы Президенттің нұсқауымен ҚМЭБИ құрылған кезде бұрынғы нұсқадағы, мемлекеттік сипаты бар тағы да бір университет құрудың артық екені түсінікті болатын. Сонымен ҚМЭБИ жоғары білім алудағы халықаралық стандартты елге таныстыру жолына түсті, әлі де сол жолдан тайған емес.

Халықаралық үлгінің артықшылығын айтатын болсақ, кредиттік жүйені енгізу тәрізді әкімшілік істерге көп көңіл бөлінеді. Өз басым адамзаттың батыстық үлгідегі салт-дәстүрінде тәрбие алған адам ретінде мұндай істердің ерекшеліктерін маңызды деп санамаймын. Менің ойымша, ҚМЭБИ-дің Қазақстан жоғары оқу жүйесіне қосқан басты үлесі – сапа болып табылады. Біздің студенттеріміз жаттап оқымайды, керісінше, ең басынан бастап олар ойлау іскерлігін, қалай сарапқа салуды, білім мен жаңа ойды қалай біріктіре білуді, басқалармен қалай бірігіп жұмыс істей білуді, басқалардың тың ойы мен олардың жұмысын бағалауды меңгереді және де осының бәрін ағылшын тілінде орындайды. Бұл оңай шаруа емес, сондықтан ҚМЭБИ-дің түлегі төрт-бес жылдың ішінде жай үздік біліммен ғана шықпай, сол білімін Президент Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған үш тілдің үшіншісімен ұштастырып бітіріп шығады. Ең бастысы, олар осы жан-жақты, терең білімді моральдық ахуалы түзу ортада алуда. Біз Қазақстан қоғамын тек қана күшейте алатын, этикалық жағынан ынтасы жоғары жаңа ұрпақ өсіруге атсалысып жатырмыз.

Осы айтқанның бәрі басқа екі тілді көзге ілмейді деген сөз емес. Орыс тілін үйренгісі немесе ол тілді одан әрі жетілдіргісі келетіндерге біз бастауыш деңгейден жоғары деңгейге дейінгі орыс тілі бағдарламасын ұсынып отырмыз. Орыс тілі ТМД елдерінде іскерлердің тілі екенін білеміз, сондықтан біз Тілдер орталығында орыс тілінде «Іскерлік қарым-қатынас» атты бағдарлама аштық. Біздің студенттеріміздің арасында оның күннен-күнге танымал болып бара жатқанына көзіміз жетіп отыр.

Мемлекеттік тілге келер болсақ, біз – Тілдер орталығы да, жалпы ҚМЭБИ де – қазақ тіліне құрметті орын беру үшін барымызды салудамыз. Біз мұны әртүрлі жолмен іске асырудамыз.

Бірінші ден, мемлекеттің тапсырысымен қазақ тілі алты кредиттік сағаты бар дипломға кіретін пәндер бағдарламасына еніп отыр. Біз мұны студенттердің сұранысы мен білім деңгейін ескеріп, арнайы жасалған әртүрлі қазақ тілі курстарын ұсыну арқылы іске асырудамыз. Мәселен, орта мектепті қазақ тілінде бітіргендер біздің жоғары деңгейлі қазақ тілі бағдарламасын, содан кейін «Іскерлік қазақ тілін» оқуына рұқсат алады. Немесе таңдамалы түрде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын орта мектептің түлегі біздің төменірек деңгейдегі бағдарламамызды оқи отырып, жоғары деңгейлі сөйлеу тілін үйренуге мүмкіндік алады.

Екіншіден, басқа елден келген қазақ тілін білмейтін студенттерімізге бастауыш деңгейдегі тіл бағдарламасын алуларына ақыл-кеңес береміз. Сонымен қатар бізде қазақ тілін үйренем деп ҚМЭБИ-ді таңдаған шетелдік студенттеріміз бар. Олар біздің қазақ тілін жоғары сапалы оқытатынымызды Солтүстік Америкаға көрсету үшін бөркімізге таққан нағыз үкіміз болып отыр. Ол жақтағылар студентке деген біздің жылы ықыласымызды, тіл үйренушіге деген қамқор ортаны жасай білгеніміздің ұнатады.

Үшіншіден, біз ҚМЭБИ қызметкерлеріне арналған қазақ тілінде де арнайы бағдарлама ашып қойдық. Онда тіл үйренуге құлшынысы бар бір топ жыл сайын табылып отыр.

Тағы қосарым, Тілдер орталығының өзінің жеке «Қазақ тілі» клубы бар. Бұл клубтағы кездесулер жүйелі түрде өткізіліп отырады да, онда мәдени жерлерді көру және көңіл көтеру шараларында қолданылатын қарым-қатынас тілі қазақ тілі болып табылады. Бұл клуб тек ҚМЭБИ студенттері мен қызметкерлеріне ғана арналмаған, келіп қатысам деушілерге де есігін айқара ашады.

– Өткен жылдың аяғына таман бұқаралық ақпарат құралдарында ҚМЭБИ туралы біраз жағымсыз әңгімелер дуылдап барып басылды. Осы бір келеңсіз жайттың туу себебі неден болды деп ойлайсыз? Бүгінгі ҚМЭБИ қандай және оның болашағы қандай болмақ?

– Осындай әңгімелердің өз мәнісі болатындықтан, олардың туу себебін дөп басып айту әрқашанда қиын. ҚМЭБИ туралы БАҚ беттерінде өрбіген пікірлердің негізгі екі түрлі себебі бар сияқты.

Біріншісі – ҚМЭБИ-дің дербес, халықаралық негізде құрылған жоғары оқу орны болуында. Осы сұхбаттың басында айтып кеткенімдей, ҚМЭБИ жоғары оқу орнында білім беру жүйесінің жаңа түрін ашық ұсыну үшін құрылған болатын. Менің осы оқу орнындағы жұмыс тәжірибемде байқағаным, аталған мақсатты орындауда ҚМЭБИ өз қабілеті аясында кейбір қиын да ауыр жағдайларға қарамастан барлық мүмкіндіктерді пайдаланып отыр. Дегенмен оның қандай қиын екенін кез келген адам түсіне бермейді. ҚМЭБИ өз қызметін мемлекеттік университеттерден өзгеше ұйымдастыруы қажет. Осы тұста «бұл дұрыс па, әлде бұрыс па» деп талқылау орынсыз. Өйткені бұл – білім берудің әртүрлі жүйесі мен ережелерін ұстанатын екі түрлі бағыттың айырмашылықтарымен байланысты мәселе. Қазіргі ҚМЭБИ-де қалыптасқан білім беру үрдісін нормативті құжаттарға сәйкестендіру бағытында қойылып отырған талаптар Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ҚМЭБИ үшін белгілеген мүдделері мен міндеттерін орындауда қиындықтар туғызуда.

Екіншісі – жеке өкпелері бар бұрынғы қызметкерлердің шығарған келеңсіз мәлімдемелері. Осылардың нәтижесінде шындықты бұрмалау мен әсірелеп айту орын алды. Қорыта келгенде, дүниеде ешкім де, еш оқу орны да кемшіліксіз болмайды дегім келеді. Оқу орнының тұтастығын байқататын ақтық сын – оның қателесуі немесе бір істі дұрыс орындамауынан тұрмайды. Әңгіме оның қиын-қыстау жағдайдан қалай шығуында жатыр. Осы орайда айтарым, ҚМЭБИ-ді қаралаудың орнына мадақтау керек шығар деген сезімдемін. Қиын сұрақтар туындағанда ҚМЭБИ-дің басшылығы тығылып қалу туралы ойды қаперіне де алмады. Олар ашық іске кірісті және оқу-білім жұмысына байланысты тиісті мекемелермен де ашық кеңесулер жүргізді. Этикалық, кәсіпкерлік істерге шындап берілген Қазақстанның барлық азаматтары ҚМЭБИ-дің бұл ісін сынға алмай, қол соғып қошаметтейді деп ойлағым келеді.

– Әңгімеңізге көп рахмет!

Сұхбаттасқан
Біржан БЕКТӨРЕ